

**"Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдердің кейбір түрлерін төлеудің нұсқаулықтарын бекіту туралы" аудан әкімдігінің 2010 жылғы 9 наурыздағы N 30 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі N 51 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 23 сәуірде N 10-3-158 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 сәуірдегі N 121 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 11.04.2013 N 121 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңына және Қызылорда облыстық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы кезекті жиырма алтыншы сессиясының N 213 шешіміне сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 9 наурыздағы "Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлемдердің кейбір түрлерін төлеудің нұсқаулықтарын бекіту туралы" N 30 қаулысымен (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 25 наурызда N 10-3-154 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінде 2010 жылғы 31 наурыздағы N 25 санында ресми жарияланған) бекітілген N 1 қосымшасына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қаулының N 1 қосымшасының 1 тармағындағы жекелеген санаттағы азаматтардың тізбесіне "Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда 6 айдан кем емес еңбек еткен азаматтарға" деген сөз тіркестерімен толықтырылсын.

2) Қаулының N 1 қосымшасының 3 тармағының 5 тармақшасындағы "абоненттік төлем" - деген сөз тіркесі алынып тасталсын.

3) Қаулының N 1 қосымшасы 8-1 тармағымен толықтырылсын: "Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда 6 айдан кем емес еңбек еткен жекелеген санаттағы азаматтарға төленетін өтемақы 2010 жылдың 1 сәуірінен бастап бюджетте қаралған қаражат шегінде төленсін".

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары К.Данабаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Е. Раймбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК